

ЭОЖ 8.80.801.8

ҒТАХР 16.21.39

<https://doi.org/10.48371/PHLS.2026.1.80.019>

ЕТІС МАҒЫНАСЫНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАЛАР АРҚЫЛЫ КӨРІНУІ

***Тәубеева Ә.Т.¹**

***¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан**

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі етіс категориясы тілдік жүйенің маңызды морфологиялық бірлігі ретінде қарастырылады. Етіс тұлғаларының құрылымы мен мағынасы тек морфологиялық деңгейде емес, сонымен қатар когнитивтік және функционалдық лингвистика талаптары тұрғысынан да жан-жақты талданады.

Мақаладағы ғылыми зерттеудің мақсаты – қазақ тіліндегі етіс тұлғаларының тілдік тұлғалар арқылы көрінуін, олардың синтаксистік, мағыналық және концептуалдық ерекшеліктерін анықтау. Мақалада сөйлеу актісі барысында субъект пен объект арасындағы қатынасты реттейтін грамматикалық тетіктер мен олардың қызметі сипатталады. Сонымен қатар, сөйлеушінің коммуникативтік ниеті мен рөлдік құрылымының етіс арқылы көрінуі де қарастырылады.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы – етіс категориясының дәстүрлі морфологиялық түсіндірмесінен шығып, оны когнитивтік-концептуалдық және прагматикалық қырынан қарастыруында.

Практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелерінің тіл үйрету, аударма, дискурс талдауы мен жасанды интеллект жүйелерінде қолдану мүмкіндігінің жоғары болуында.

Мақалада сипаттамалы, құрылымдық және салыстырмалы әдістер кешенді түрде қолданылады. Сипаттамалы әдіс арқылы етіс тұлғаларының ішкі мағынасы мен функциясы ашылады. Құрылымдық тәсіл арқылы етіс тұлғаларының валенттік ерекшеліктері мен сөйлем құрылымындағы аргументтер жүйесі талданады. Салыстырмалы әдіс арқылы көне түркі тіліндегі және қазіргі қазақ тіліндегі тұлғалар арасындағы сабақтастық айқындалады.

Зерттеу барысында етіс мәселесін қарастырған Ахмет Байтұрсынұлы, Орынай Жұбаева, Анар Салқынбай, Жансейіт Түймебаев, сондай-ақ шетелдік лингвистер Фрэнсис Катамба, Джон Стонхам, Фернандо Зунига және Сеппо Киттила еңбектері негізінде қазақ тіліндегі етіс тұлғаларының әмбебап типологиялық сипаттамалары сараланады. Етіс арқылы субъект пен объект қатынасын бейнелеудің танымдық тетіктері нақты мысалдармен негізделеді.

Мақалада ұсынылған тұжырымдар қазақ тіл білімінде етіс категориясын жаңаша қырынан тануға мүмкіндік береді. Етіс категориясын морфологиялық деңгейде ғана емес, танымдық-концептуалдық және

функционалдық деңгейде қарастыру қазақ тілінің типологиялық ерекшеліктерін анықтауға үлес қосады.

Тірек сөздер: сабақты етіс, когнитивтік, функционалдық, валенттік, субъект, объект, морфология, категория

Кіріспе

Етіс морфологиялық бірлік ғана емес, ол сөйлеу актісінде әрекеттің субъект пен объектіге бағытталуын білдіретін когнитивтік-концептуалдық құрылым ретінде де рөл атқарады. Етіс тұлғаларының когнитивтік және прагматикалық сипатын зерттеу – олардың тек формальді құрылым емес, сонымен қатар мағына тудырушы және коммуникативтік қызмет атқаратын күрделі жүйе екенін дәлелдейді. Осы бағытта жүргізілетін зерттеулер етістің адам санасындағы әрекет моделімен және тілдік бейнелеу механизмдерімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Осыған байланысты етіс категориясын жан-жақты сипаттау үшін сипаттамалы, құрылымдық, салыстырмалы және диахронды әдістерді қолданып, қазақ тілінің қазіргі күйін және тарихи дамуындағы өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді. Осы әдістердің көмегімен етіс тұлғаларының функционалдық қызметі мен семантикалық өрісі толыққанды ашылады. Осыған орай, етіс категориясы құрылымдық-грамматикалық қырынан ғана емес, сонымен қатар тіл иесінің болмысымен, ұлттық танымымен ұштасқан концептілік және прагматикалық деңгейде қарастырылады. Бұл ұстаным қазақ тіліндегі етіс тұлғаларының жүйесін тереңірек ұғынуға, тіл мен ойдың, форма мен мағынаның байланысын нақтылауға мүмкіндік береді.

Қазақ және түркі тілдерінің тарихи кезеңдерінде де етіс тұлғалары қимылдың бағытын, оның субъектіге немесе объектіге қатысын дәл көрсетуде маңызды қызмет атқарады.

Тіл білімінде етіс ұғымын морфологиялық, синтаксистік, семантикалық және функционалдық қырынан қарастыру үрдісі кең тараған. Етіс категориясы сөйлеу актісінде әрекеттің жүзеге асу сипаты туралы нақты ақпарат береді. Сондықтан да етіс категориясы тек грамматикалық емес, сонымен қатар прагматикалық және коммуникативтік мәнге де ие.

Қазақ тіл білімінде етіс мәселесіне қатысты ғалымдардың талас көзқарастарын да көруге болады. Етісті антропоэзектік тұрғыдан зерттеп, оның тілдік табиғатын ашу етістің өзіндік ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді. Сол арқылы тіл білімінде талас тудырып жүрген көптеген мәселелер өз шешімін табады.

Етіс – етістіктің морфологиялық категориясы ретінде сөйлемдегі субъект пен объект арасындағы қатынасты білдіреді. Сондықтан бұл категорияның концептілік негізінде «қатынас» ұғымы жатыр. Етістік тұлғалары арқылы жасалатын активті және пассивті құрылымдар тілдік құрал ретінде ұлттық менталитеттің көрінісін береді [1, 499 б]. Ғалымдардың бұл пікірі қазақ тіліндегі активті құрылымның пассивті құрылымға қарағанда

басым кездесуі халықтың ерлік пен батырлық мінезінің басымдығын көрсетеді дегенді меңзейді. Мысалы, «*Дауды* ақыл жеңеді, *жауды* батыл жеңеді» (мақал), «Аянбаған *жауды* алар, абайлаған *дауды* алар» (мақал).

Зерттеу барысында анықталғандай, қазақ тілінде пассив құрылымға қарағанда актив құрылымдары жиі кездеседі. Бұл құбылыс қазақ халқының намысқой, қайсар, әрекетшіл болмысын сипаттайтын тілдік бейне ретінде қарастырылады. Актив құрылым деп қазақ тілі грамматикасындағы «сабақты етістік» тұлғасымен іске асатын сөйлемдердің көрінісі екенін ескеру қажет. Алайда, алдағы уақытта «сабақты етістік»-ті «сабақты етіс» деп қарастыруымыздың себебі – етіс тақырыбын алғаш рет қазақ грамматикасында қарастырып, жол салып кеткен Ахмет Байтұрсынұлы қолданған атауға сәйкес береміз.

«Сабақты етіс» (етіс деген атауды мақсатты түрде қолданып отырмыз – О.Ж.) пен «ырықсыз етіс» тұлғалары арқылы концептуалдау түрлі сипатта болатынын аңғаруға болады [1, 693 б]. «Сабақты етіс» терминінің қолданылуы тіл білімінде белгілі бір грамматикалық және семантикалық негіздерге сүйенеді. Бұл атаудың ғылыми негізі етістіктің тура толықтауышпен тіркесіп, нақты объектіге бағытталған әрекетті білдіруімен түсіндіріледі. Сабақты етістер міндетті түрде табыс септігіндегі тура толықтауышты қажет етеді. Мысалы: *Үйіне биік есік, үлкен терезелер орнатады* [2, 213]. Бұл сөйлемдегі «*орнатады*» етістігі «*биік есік, үлкен терезелер*» деген нақты бір нысанға тікелей бағыттталып тұр. Мұндай құрылымда қимыл иесі (субъект) мен әрекет нысаны (объект) арасында тікелей байланыс орнайды. Сондықтан мұндай етістіктерді қазақ тілінде А. Байтұрсынұлы «сабақты етіс» деп атаған және қазіргі қазақ тіл білімінде де солай атау – өзекті. Ғалым О. Жұбаева өзінің еңбектерінде «сабақты етіс» деген атауды мақсатты түрде қолданатынын да байқауымызға болады. Ол бұл категорияны етістік тұлғалары арқылы жүзеге асатын субъект пен объект арасындағы қатынасты көрсететін морфологиялық құбылыс ретінде сипаттайды. Мақалада ғалымдардың еңбегіндегі ұсынысына сүйене отырып, алдағы уақытта «актив» сөзінің орнына «сабақты етіс» деген атауды қолданатын боламыз.

Көптеген тіл зерттеушілері етіс мағынасының тілдік тұлғалар арқылы көрінуін әрқилы аспектіде қарастырған. Мысалы, Махмуд Қашқаридің 1072-1074 жылдары Бағдатта жазылған «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбегінде түркі тілдеріндегі етіс тұлғалары мен олардың мағыналық ерекшеліктері туралы мәліметтер берілген, ал А. Байтұрсынұлы етіс формасын алғаш жүйелеген ғалым болды. Оның 1927 жылы жарияланған «Тіл – құрал» атты еңбегінде етіс тек қимылдың бағыты ғана емес, сонымен қатар әрекеттің қайталану сипаты, субъектіге тәнділігі сияқты семантикалық реңктермен бірге талданған. А. Байтұрсынұлы етістің он түрін грамматикалық формалардың айырмашылығына ғана сүйенбей, қазақ халқының тұрмыс-салтында көрініс тапқан іс-әрекеттерді сипаттау

негізінде жіктеген. А. Байтұрсынұлы ұсынған он етіс қазақ әдебиетіндегі болмыстың сипатталуына, ұлттық сипаттың суреттелуіне зор ықпал еткен.

Кеңестік кезеңнен кейінгі қазақ тіл білімінде етіс мағынасын когнитивтік және антропоэзектік аспектіде қарастыру кең етек алды. Бұл бағытта О. Жұбаева, А. Салқынбай, Ж. Түймебаев, А. Имамбаева сынды зерттеушілердің еңбектері құнды. Олардың еңбектерінде етіс тұлғаларының мағынасы сөйлеуші мен тыңдаушының танымдық тәжірибесімен және прагматикалық интенциясымен байланыстырылып талданады.

Бұл мақалада етіс категориясының қазақ тіліндегі көрінісі тілдік тұлғалар негізінде кешенді түрде қарастырылып, оның морфологиялық формалары мен семантикалық жүктемесі арасындағы өзара байланыс кең ауқымда сипатталады. Зерттеудің басты ерекшелігі етісті тек құрылымдық-грамматикалық бірлік ретінде емес, мағына тудырушы жүйе ретінде қарастыруында. Бұл тұрғыда ғалым А. Салқынбай «Қазақ тілі сөзжасамы» еңбегінде етіс тұлғаларының коммуникативтік бағытымен прагматикалық қызметін жаңа ғылыми негізде ұсына отырып, олардың дискурстық қолданысын нақты тілдік материалдармен дәйектейді. Мысалы, ғалым өзінің еңбегінде «таран» сөзі мен «тара» сөзінің ішкі мағынасы бір емес екенін айтады. «Таран» сөзінің ішкі мағынасы – іс-әрекет белгілі субъектіге тікелей қатысты, субъект әрекетті өзіне қатысты жүзеге асырады. Процесс белгілі бір кеңістікте, белгілі уақыт аралығында орындалады. Демек, бұл жаңа сөзжасамдық мағына бола алады [3, 68].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Қазіргі қазақ тіл білімінде етіс категориясына қатысты зерттеулер сан түрлі теориялық және қолданбалы бағытта жүргізіліп келеді. Әсіресе етістіктің субъект-объект қатынасты білдіретін морфологиялық категория ретіндегі табиғатын тану мақсатында когнитивтік, функционалдық, семантикалық және синтаксистік аспектілер жан-жақты қарастырылған.

Етіс категориясының когнитивтік сипатын сипаттауға бағытталған зерттеулердің қатарында О. Жұбаеваның еңбектері ерекше орын алады. Ғалымның ««Етіс» грамматикалық концепті: когнитивтік аспект» (2017) атты мақаласында етістің тілдік тұлғалар арқылы көрінуі мен антропоэзектілік сипаты танылады. Ғалым етіс концептісінің қалыптасуында субъект-объект қатынасы мен әрекет бағытының маңыздылығына назар аударады. Бұл бағыттағы ойлары «Қазақ тіліндегі етіс категориясының когнитивтік сипаты» (2019) еңбегінде де жалғасын тауып, етістің адамның дүниетанымымен байланысы тілдік деректер арқылы негізделеді. Сонымен қатар «Қазақ тіліндегі етіс категориясының семантикалық құрылымы» (2020) мақаласындағы етіс мағынасының ішкі семантикалық өрісі сараланып, оның прагматикалық қырлары көрсетіледі.

Етістіктің тарихи типологиясын зерттеу тұрғысынан Ж.Түймебаевтың «Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі» (2023)

еңбегі ғылыми тұрғыдан маңызды. Мұнда етіс тұлғаларының көне дәуірдегі қолданылу ерекшеліктері мен олардың қазіргі тілдік жүйемен сабақтастығы сипатталған. Бұл зерттеу етіс категориясының тарихи динамикасын тануға мүмкіндік береді.

«Қазақ тілінің морфологиясы» (2020) атты оқу құралында Б.Қ. Момынова мен Ж.Б. Саткенова етіс категориясын қазақ тілінің морфологиялық жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Олар етістіктің грамматикалық категорияларын, соның ішінде етістіктің салт-сабақты етіс түрлері мен етіс тұлғаларын жан-жақты сипаттайды.

А.С. Бейбітова, Ж.М. Қоңыратбаева және А.Қ. Қапанова ұсынған салыстырмалы-прагматикалық талдау әдісі грамматикалық бірліктердің, соның ішінде етіс тақырыбының мәнін ашуда тиімді ғылыми құрал болады [4, 50 б.].

Халықаралық деңгейдегі зерттеулерге келсек, Катамбамен Стонхамның «Morphology (Морфология)» (2006) атты еңбегі морфологияның негізгі ұғымдарын түсіндіреді және етіс тұлғаларының құрылымдық және функционалдық қырларын сипаттайды.

Фернандо Зунига мен Сеппо Киттиланьың «Grammatical Voice (Грамматикалық етіс)» (2019) жылғы көлемді еңбегі етіс категориясын типологиялық тұрғыда қарастыруға болатынын және 200-ден астам тілдегі етіс тұлғаларын семантикалық, морфологиялық және синтаксистік жағынан салғастырмалы түрде сипаттайды.

Мақалада сипаттамалы, құрылымдық және салыстырмалы әдістер етіс категориясының тілдік тұлғалар арқылы көрінуін қарастыруға мүмкіндік береді.

Сипаттамалы әдіс арқылы етіс тұлғаларының ішкі құрылымы мен олардың қызметі анықталады.

Құрылымдық әдіс әрбір етіс түрінің морфемалық құрамын, жалғау мен жұрнақ жүйесін зерттеуге бағытталады.

Салыстырмалы әдіс арқылы көне түркі тіліндегі етіс тұлғалары мен қазіргі қазақ тіліндегі формалардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары сараланады.

Зерттеу барысында синхронды және диахронды талдау әдістері қолданылады. Синхронды талдау қазіргі қазақ тіліндегі етіс тұлғаларының семантикалық және грамматикалық ерекшеліктерін айқындауға бағытталады. Ал диахронды талдау арқылы етіс тұлғаларының тарихи даму жолы, олардың тұлғалық және функционалдық өзгерістері, сонымен қатар тілдегі қызметтік сипаттары зерттеледі. Бұл тәсіл етіс мағынасының тілдік тұлғалар арқылы көріну динамикасын жан-жақты көрсетуге мүмкіндік береді.

Кесте 1. Етістерді талдау әдістері

Әдіс түрі	Мақсаты	Қолданылатын талдау бағыты	Мысалдар
Сипаттамалы әдіс	Етіс тұлғаларын деректерге сүйене отырып сипаттау	Морфологиялық тұлғалар мен мағына байланысын ашу	Ол есікті ашты (сабақты етіс), Есік ашылды (ырықсыз етіс)
Құрылымдық әдіс	Сөйлемдегі етіс тұлғаларының құрылымын модельдеу	Сөйлем мүшелерінің өзара байланысын сызбамен көрсету	S – O – V: Ол есікті ашты.
Салыстырмалы әдіс	Қазақ тіліндегі етістерді түбірі бір тілдермен салыстыру	Құрылымдық және семантикалық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсету	« <i>bilgür</i> » (түркі) – «білдір» (қазақ)

Нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде етіс мағынасының тілдік тұлғалар арқылы көрінуі күрделі әрі көпқырлы үдеріс екені анықталды. Етіс категориясы тілдік деңгейде мағына мен құрылым бірлігін білдіретін негізгі грамматикалық құрал бола отырып, сөйлемде әрекеттің қай бағытта жүзеге асқанын, қандай субъект немесе объект арқылы іске асқанын нақтылайды. Бұл байланыс қазақ тіліндегі *-н, -ын, -ін* (өздік етіс), *-л, -ыл, -іл, -ын, -ін* (ырықсыз етіс), *-т, -дыр, -дір, -тыр, -тір* (өзгелік етіс), *-ыс, -іс, -с* (ортақ етіс) тұлғалары белгілі бір семантикалық реңкті білдіреді. Мысалы, «*Жұтынып* нарттай жанып құлпырады» [5, 264]. «*Жұтынып*» сөзіндегі «*-ын*» тұлғасы субъект істі өзіне жасап тұрғанын көрсетіп, өздік етіс қызметін атқарып тұр. Дәстүрлі грамматика бойынша етіс тұлғалары морфологиялық тұрғыдан сипатталады және формалық тұрақтылыққа басымдық беріледі. Алайда, «*-ын*» тұлғасы бірде өздік, бірде ырықсыз мәнде қолданылатыны байқалады. Мысалы, «*майланды*» сөзінде әрі өзі майланған (өздік етіс), әрі сыртқы күшпен (ырықсыз етіс) әсер алған мағынасы байқалады. Көне түркі жазбаларында да осы тұлғалар жиі кездеседі. М. Қашқари еңбегінде «*барынды*» сөзі іс орындаушының өзі әрекетті жүзеге асырғанын білдірсе, «*алынды*» сөзі ырықсыз сипат береді. Бұған қарап қазіргі қазақ тілінде де бұл көрініс сақталып келе жатқанын жоғарыда берілген мысалдардан көре аламыз.

Мысалы, «Бөлме іші тып-тыныш бола қалды, есік *жабылды*» [6, 22] сөйлеміндегі «*жабылды*» дегендегі «*-ыл*» аффиксі әрекеттің иесіз, ырықсыз жүзеге асқанын көрсетеді. «Жоқтық шайтанға шыбын *жұтқызады*» [7, 286] мақалындағы «*жұтқызады*» сөзінің «*-қыз*» жұрнағы өзгелік етіс тұлғасын білдірсе, «Кезіккен кезде үнсіз *сөйлестік*» [6, 24] сөйлеміндегі «*сөйлестік*» сөзіндегі «*-с*» жұрнағы ортақ етіс тұлғасының мағынасын көрсетіп, бірлескен субъект-объект қатынасын білдіреді.




Схема 1 – Етіс мағынасының тілдік тұлғалар арқылы көрінуі

Зерттеу барысында анықталған негізгі заңдылық – етіс мағынасы жалғау немесе жұрнақ деңгейінде емес, сол форманың контекстік, прагматикалық ортасында ашылады деген тұжырым. О. Жұбаева етіс тұлғаларын когнитивтік деңгейде қарастыра отырып, әрекетті қабылдаушы мен жүзеге асырушы арасындағы танымдық байланысқа назар аударады. Ғалым етіс тұлғалары сөйлеушінің интенциясын көрсететін құрал екенін дәлелдейді [8, 110–111].

Зерттеу барысында синхрондық және диахрондық материалдарды салыстыру етіс тұлғаларының семантикалық тұрақтылығын ғана емес, сонымен қатар олардың трансформациялық қабілетін де көрсетті. Кейбір сөздер тарихи даму барысында етістік тұлғалары арасындағы грамматикалық параллельдігін жоғалтып, дербес лексемаларға айналған. Мысалы, «оян»

(өздік етіс) мен «*оят*» (өзгелік етіс) тұлғалары бастапқыда параллель болса, қазіргі қолданыста лексемалық даралыққа ие.

Көне түркі тіліндегі етіс тұлғалары қазіргі қазақ тіліндегі етіс жүйесінің негізін құрайтын, тарихи тұрғыдан қалыптасқан грамматикалық категориялар. Бұл тұлғалар көне жазба ескерткіштерінде кеңінен қолданылған [9, 247–260].

Кесте 2. Көне түркі тіліндегі етіс тұлғалары [9, 247–260].

Етіс түрі	Етіс жұрнағы	Сипаттамасы	Мысалдар
Сабақты етістік	Жұрнақсыз	Әрекетті нақты бір субъект орындайды	<i>Barmış - барған</i>
Өздік етіс	n, -in	Әрекет субъектінің өзіне бағытталуы	<i>körin</i> – көрінді
Өзгелік етіс	-tur / -tür, -gür / -gur, -dur / -dür, -t, -z	Әрекетті бір субъект екінші бір субъектіге жасайды	<i>közletür</i> – көрсетеді
Ырықсыз етіс	-l	Әрекет объектіге бағытталған түрде беріледі	<i>bilin</i> – белгілі болды
Ортақ етіс	-ş	Әрекетке бірнеше субъектінің бірге қатысуы	<i>urış</i> – соғысты

Сабақты етістікті етістіктің салт-сабақтылық категориясының құрылымдық әрі семантикалық тұрғыдан маңызды түрлердің бірі болып саналады. Ол субъект пен объект арасындағы тікелей қатынасты білдіру арқылы етістіктің валенттік әлеуетін айқындайды және сөйлем құрамындағы синтаксистік позициялардың өзара байланысын нақтылайды. Бұл форма әрекеттің бағытталу нысанын көрсетіп, предикативтік құрылымының ұйымдасуын жүйелейді әрі сөйлем компоненттерінің функционалдық тұтастығын қамтамасыз етеді.

Талқылау

А. Байтұрсынұлы алғаш негізін салған етіс термині қазіргі қазақ тіл білімінде орныққан және функционалдық лингвистиканың талаптарына толық жауап береді. Ғалым сабақты етісті тура толықтауышты қажет ететін, объектіге бағытталған әрекетті білдіретін форма ретінде сипаттай отырып, оның тілдегі прагматикалық маңызына да назар аударған. Мысалы, *Біз егіннің арам шөбін жұламыз* [2, 207] деген сөйлемдегі қимыл иесі (*Біз*) сөзімен берілген белсенді субъект, ал қимылдың нысаны (*арам шөбін*) сөзі арқылы берілген тура толықтауыш, яғни объект. Бұл жерде тілдік формадағы бағыттылық қалай көрініс тапқанын дәлелдейік:

✓ Сөйлемдегі «*жұламыз*» етістігі өзінің функциясын толық атқарып мағына беруі үшін тура толықтауышты қажет етіп тұрады. Ол кім неге

әсер ететінін, яғни әрекеттің кімге бағытталғанын білдіреді. Мұндағы «жұламыз» әрекеті нақты бір нысанға «арам шөпке» бағытталған.

✓ Объектілік қатынас тұрғысынан «арам шөбін» сөзі табыс септігінде тұр. Бұл септік формасы әрекеттің тікелей нысанға бағытталғанын көрсетеді.

✓ Семантикалық жағынан субъект (*Біз*) қимылды өзі атқарады және ол әрекет басқа бір затқа (*арам шөпке*) тікелей әсер етеді. Бұл сабақты етіске тән семантикалық құрылым.

✓ Прагматикалық жағынан сөйлем тыңдаушыға нақты әрекет пен оның бағытталған нысанын ұсынады. Бұл сөйлеушінің әрекет пен оның нысанын айқын көрсетуге бағытталған интенциясын білдіреді.

О. Жұбаева өзінің еңбектерінде сабақты етісті мақсатты түрде «актив» құрылымының баламасы ретінде қолдану қажеттілігін алға тартып, бұл форманың тілдік концептуализациясындағы орнын ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Жоғарыда ұсынған кестенің мазмұнынан көне түркі және қазақ тілдеріндегі етіс түрлерінің жүйесі морфологиялық негіз, жіктелу және семантикалық бағыттылық жағынан өзара ұқсастықтары бар екен байқалады. Бұл – тілдердің сабақтастығының көрінісі. Тіл дамуы барысында орын алған лексикалану мен функционалдық кенею үдерістері қазіргі қазақ тіліндегі етіс жүйесінің көне түркі кезеңімен салыстырғанда елеулі айырмашылықтардың қалыптасуына себеп болады.

Қазақ тіліндегі етіс формасының етістіктің салт және сабақтылығымен тығыз байланыста болатындығын жақсы түсінген Ы. Маманов «Қазақ тілі. Етістік» атты еңбегінде «Салт және сабақты етістіктер және олардың етістермен қатысы» тақырыбына арнайы тоқталған. «Салт және сабақты етістіктердің бір-біріне ауысуы етіс тұлғаларымен ұштасып жатады. Яғни, өздік және ырықсыз етіс жұрнақтары сабақты етістікті салт етістікке айналдыратын морфема қызметін атқарса, өзгелік етіс жұрнағы салт етістікті сабақты етістікке айналдыратын морфема болып табылады», – дейді [10, 35]. Ғалым салт етістіктің екі түрін, атап айтқанда, тура салт етістік және ауыспалы салт етістікті бөліп көрсетеді. Бұл бөліністің негізінде етіс жұрнақтары жатқанын ғалым арнайы атап көрсетеді. Өйткені сабақты етістіктерге өздік және ырықсыз етіс жұрнақтары жалғану арқылы ауыспалы салт етістік жасалады. Ы. Мамановтың айтуынша, салт және сабақты етістіктер мен етіс категориялары бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, өздік, ырықсыз және өзгелік етіс мағыналары салт және сабақты етістіктердің грамматикалық формаларынан туатын семантикалық ұғым. Осыдан мынадай тұжырым жасауға болады: етіс тұлғалары өзі жасалған түбір етістікпен байланысты да, байланыссыз да бола алады. Байланыс лексикалық мағына арқылы сақталса, байланыссыздық түбір етістікпен емес, туынды сабақты етістік негізінде қалыптасады. Бұл көзқарас бойынша етіс тек етістіктің грамматикалық формасы дегенге саяды.

Бұған полярлы екінші көзқарастың иесі – А. Қалыбаева-Хасенова. А. Қалыбаева етісті жеке категория санайды, бірақ етіс жұрнақтарын сөз тудырушы яки сөзжасамдық жұрнақтарға жатқызады. «Өйткені қазақ тілінде қос функцияны бірдей атқаратын қосымшалар бар» [10, 193] деген тұжырымды береді. Солардың қатарына ғалым етіс жұрнақтарын да жатқызады.

Етіс жұрнақтарының сөз тудырушы жұрнақтармен ұқсастығы бар. Олар түбірге бірден жалғанады, тіпті түбірге бірден жалғанатын болымсыздық формасынан да бұрын тұрады: *жаз-ал-ма-ды*. Кейде етістің бірнеше түрі бірінен кейін бірі тіркесіп жалғана алады: *жаз-ыл-дыр-т, қысқарт-тыр-т*, т.б. (бас-шы-лық сияқты) [10, 195]. Осы деректер негізінде етісті сөзжасамдық форма деп танитын ғалымдардың көзқарасы қалыптасқан.

Қазақ тіліндегі етіс категориясының құрылымдық-мағыналық жүйесін зерделеу барысында шетелдік лингвист-ғалымдардың теориялық тұжырымдарын функционалдық-когнитивтік аспектіде салғастыра отырып талдау маңызды. Бұл тұрғыда Франсис Катамба мен Джон Стонхамның еңбектеріндегі көзқарас басым назарға ие. Зерттеушілер морфологияны мағына мен құрылымның өзара байланысы ретінде қарастырып, етіс тұлғаларын сөйлемдегі аргументтерді ұйымдастыратын синтаксистік құрал ретінде сипаттайды [11, 183–190]. Бұл көзқарас қазақ тіліндегі етіс тұлғаларының сөйлем ішіндегі субъект пен объектінің орналасуын және валенттілік құрылымын реттеуін түсіндіреді. Атап айтқанда, сабақты етіс объектіні қажет етсе, ырықсыз етіс әрекеттің агенті сөйлемде көрсетілмей, фокус нысанға түседі. Бұл құрылым етіс тұлғаларының аргументтік рөлдерді қалай тарататынын нақты көрсетеді.

Фернандо Зунига мен Сеппо Киттила «Grammatical Voice» еңбегінде етіс категориясын агент пен пациент арасындағы қатынасты грамматикалық жағынан кодтаушы әмбебап механизм ретінде қарастырады. Бұл теориялық бағыт етіс категориясының тілдік универсал ретіндегі мәнін ашады. Ғалымдар етісті мағыналық құрылымдағы рөлдік қатынастарды – әрекет жасаушы (агент) мен әрекетке ұшыраушы (пациент) арасындағы байланысты жүйелейтін негізгі грамматикалық категория ретінде сипаттайды [12, 224–230]. Бұл көзқарас қазақ тіліндегі өзгелік етіс, ырықсыз етіс және ортақ етіс тұлғаларына тікелей қатысты. Бұл шетелдік ғалымдардың етіс тұлғаларына қатысты пікірлері қазақ тіліндегі етіс категориясының валенттілік және рөлдік құрылымын түсіндіруге септігін тигізеді. Мұндай салғастырмалы тәсіл арқылы қазақ тіліндегі етіс тұлғаларының семантикалық-функционалдық табиғатын, сөйлем құрылымындағы рөлін тереңірек тануға мүмкіндік туады.

А.С. Бейбітова, Ж.М. Қоңыратбаева және А.Қ. Қапанова авторларының «Ономатопеялық сөздердің тіларалық берілудегі прагматикалық аспектісі» атты мақаласында ұсынылған салыстырмалы-прагматикалық талдау әдісі

грамматикалық бірліктердің мәнін ашуда тиімді ғылыми құрал екені көрінеді. Бұл әдістеменің түпнұсқа және аударма тілдеріндегі тұлғалық, мағыналық және қызметтік айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік беретіні, сонымен қатар етіс категориясын зерттеуде де өзекті болып саналады. Етіс мағынасының тілдік тұлғалар арқылы көрінуі ағылшын және қазақ тілдерінің құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады, сондықтан салғастырмалы талдау олардың функционалдық және семантикалық реңктерін тереңірек сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, бұл тәсіл етістің прагматикалық қызметін, яғни сөйлеушінің мақсаты мен әрекет субъектілерінің өзара байланысын ашуда маңызды рөл атқарады. Осыған орай аталған еңбекте қолданылған әдістемелік ұстанымдар менің зерттеу жұмысымның теориялық негізін нақтылап, етіс мағынасының тілдік тұлғалар арқылы қалай жүзеге асатынын кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, тіларалық сөздердің морфологиялық, семантикалық және прагматикалық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жан-жақты талдаған А.С. Бейбітова, Ж.М. Қоңыратбаева және А.Қ. Қапанова ұсынған салыстырмалы-прагматикалық талдау әдісі грамматикалық бірліктердің, құрылымдық, функционалдық және коммуникативтік аспектілерін, соның ішінде етіс тақырыбының мәнін ашуда, олардың тілдік жүйедегі рөлін айқындауда тиімді ғылыми құрал бола алды. Етіс категориясы етістіктің морфологиялық категориясы ретінде сөйлеу актісіндегі субъект пен объект арасындағы әрекеттік қатынасты нақтылайтын құрылымдық, әрі семантикалық тұрғыдан алғанда маңызды жүйе.

Сабақты етіс тілдегі валенттік құрылымды айқындап, әрекеттің объектіге бағытталуын нақты көрсетеді және сөйлеушінің ниетін білдіреді.

Өздік етіс субъектінің әрекетті өзіне бағыттауын көрсетіп, агент пен пациенттің бір тұлғада қабысуын қамтамасыз етеді.

Өзгелік етіс әрекеттің басқа біреуге жасалуын білдіреді және агенттік деңгейдің өзгерісін көрсетеді.

Ырықсыз етіс сөйлеуде әрекеттің иесін көмескілеп, қимылдың өздігінен жүзеге асқандай сипатта берілуін қамтамасыз етеді.

Ортақ етіс бірнеше субъектінің бірлескен қимылын бейнелеп, өзара әрекеттестік сипатын ашады.

Барлық етіс тұлғалары тілдің мағыналық, коммуникативтік және прагматикалық мүмкіндіктерін кеңейтетін маңызды категория ретінде бағаланады.

Етіс мағынасының тілдік тұлғалар арқылы көрінуі тілдік жүйеде құрылым мен мағына бірлігінің нәтижесі ретінде танылады. Зерттеу нәтижесінде етіс категориясы морфологиялық, семантикалық, когнитивтік

және прагматикалық деңгейлерде тілдік жүйемен тығыз байланыста қызмет атқаратынын анықтады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – етіс мағынасының концептуалдануын сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы танымдық тәжірибе, интенция және рөлдік қатынастар аясында түсіндіру. Бұл когнитивтік бағыттағы ұстаным қазіргі тіл біліміндегі антропоэектілік парадигмасымен ұштасып, етіс жүйесінің ішкі семантикалық қабаттарын ашуға мүмкіндік береді. Осы орайда О. Жұбаева ғалымның теориялық пайымдары негізге алынып, қазақ тіліндегі етіс тұлғаларының прагматикалық әлеуеті тілдік мысалдар арқылы талданды.

Сонымен қатар, зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы көне түркі жазба ескерткіштеріндегі етіс тұлғалары мен қазіргі қазақ тіліндегі формалар арасындағы типологиялық сабақтастықтар айқындалады. Бұл тұжырым тілдік эволюцияның логикасын көрсетуге, сондай-ақ құрылымдық және семантикалық өзгерістердің заңдылықтарын ашуға бағытталған. Атап айтқанда, Ж. Түймебаев еңбегіне сүйене отырып, көне етіс тұлғаларының жүйеде қалай трансформацияланғаны мен мағына жағынан қандай айырмашылықтарға ұшырағаны қарастырылды.

Зерттеуде қазақ тіліндегі етіс тұлғаларының құрылымдық-мағыналық табиғаты мен валенттілік әлеуеті шетелдік ғалымдардың еңбектерімен де байланысты талданды. Мысалы, Франсис Катамба мен Джон Стонхам морфологияны синтаксистік аргументтерді ұйымдастыру құралы ретінде сипаттап, етіс тұлғаларының сөйлем ішіндегі рөлін ашып көрсетеді. Бұл пікір мақаланың ішкі жүйесін дамытып, қазақ тіліндегі етіс жүйесін жалпы тілдік универсалдар аясында сипаттауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге, Фернандо Зунига мен Сеппо Киттила етіс категориясын агент-пациент қатынасын кодтайтын механизм ретінде қарап, оның әмбебап табиғатын сипаттайды. Осы тұжырымдар қазақ тіліндегі өзгелік, ырықсыз және ортақ етістердің грамматикалық қызметін кеңірек түсіндіруге негіз болды.

Етіс категориясы сөйлеу процесінде мағына тудырушы және қатынас орнатушы маңызды жүйе ретінде танылады. Талдау нәтижелері көрсеткендей, етіс тұлғалары сөйлеушінің коммуникативтік ниетін, әрекет бағытын, субъектінің қатысу дәрежесін бейнелеуде негізгі құралдардың бірі ретінде қолданылады. Бұл тілдің құрылымдық икемділігі мен семантикалық вариативтілігінің жоғары деңгейін дәлелдейді.

Зерттеу барысында диахронды талдау нәтижелері етіс тұлғаларының тарихи дамуы мен түркі тілдеріндегі сабақтастығын айқындауға мүмкіндік берді.

Етіс категориясының практикалық маңыздылығы: тіл үйретуге, мәтін талдауда, аудармада, дискурс шешімдерінде және жасанды интеллект салаларында кеңінен қолдануға болатынында.

Етіс категориясының басқа тілдік пәндермен байланысы да айқын, яғни синтаксиспен – сөйлем құрылымы тұрғысынан, лексикологиямен –

етістік семантикасы негізінде, стилистикамен – тілдік тәсілдер мен реңк функциясы арқылы өзара байланысады. Осындай пәнаралық сабақтастық етісті тілдік және танымдық жүйенің өзегі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Болашақта етіс категориясын зерттеу когнитивтік лингвистика, корпус лингвистикасы, дискурс талдауы, психолингвистика, жасанды интеллект секілді заманауи бағыттармен байланыстыра түсу керек.

ӘДЕБИЕТ

[1] Құлманов С., Жұбаева О., Солтанбекова А., Маралбек Е. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. 2- кітап. – Алматы: Дайк-Пресс. 2011. – 828 б.

[2] Соқпақбаев Б. Балалық шаққа саяхат. – Қарағанды: «Qasym баспа үйі». 2021. – 310 б.

[3] Салқынбай А.Б. Қазақ тілі сөзжасамы. – Алматы: Қазақ университеті. 2003. – 271 б.

[4] Бейбітова А.С., Қоңыратбаева Ж.М, Қапанова А.Қ. Ономатопиялық сөздердің тіларалық берілудегі прагматикалық аспектісі. – Алматы. Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ ХАБАРШЫСЫ «Филология ғылымдары» сериясы. – 2025. –№3 (78). – 48-61 б.б.

[5] Әлішер Н. Х. Ләйлі-Мәжін; Ескендір қорғаны. – Нұр-Сұлтан: «ҒЫЛЫМ» баспасы. 2019. – 544 б.

[6] Әбдіқұлы Т. Парасат майданы. – Алматы: Раритет. 2012. – 616 б.

[7] Ахметова С.Г. Қазақша - ағылшынша – орысша Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Мектеп. 2021. – 696 б.

[8] Жұбаева О. «Етіс» грамматикалық концепті: когнитивті аспект. ҚазҰУ, Хабаршы. Филология сериясы. № 3 (167). – Алматы. 2017. philart.kaznu.kz

[9] Түймебаев Ж. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі. –Алматы. 2023. – 408 б

[10] Момынова Б. Қ., Саткенова Ж. Б. Қазақ тілінің морфологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. 2014. – 279 б.

[11] Francis K. and John S. Morphology (2nd edition). – Great Britain: Palgrave Macmillan. 2006. – 382 p.

[12] Fernando Z. and Seppo K. Grammatical Voice. – Cambridge: Cambridge University Press. 2019. – 292 p.

REFERENCES

[1] Kulmanov S., Zhubayeva O., Soltanbekova A., Maralbek Ye. Kazak tilining funkcionaldy grammatikasy [Functional grammar of the Kazakh language]. – Almaty: Daik-Press. 2011. – 828 b. [in Kaz.]

[2] Sokpakbayev B. Balalyk shakka saykhat [A journey to childhood]. – Karagandy: “Qasym baspa uii”, 2011. – 310 b. [in Kaz.]

[3] Salkynbay A. Kazakh tili sozzhasamy [The Kazakh language Word Formation]. – Almaty: Kazakh universiteti. 2003. – 271 b. [in Kaz.]

[4] Beibitova F.S., Konyratbayeva Zh.M., Kapanova A.K. Onomatopiyalyk sozderdin tilaralyk beriludegi pragmatikalyk aspektis [The Pragmatic Aspect of Inter-lingual Transmission of Onomatopoeic Words]. – Almaty. Abylai Khan atyndagy KazKhKzhATU KHABARSHYSY “Filologiya seriyasy”. – 2025. – №3 (78). – B.48-61. [in Kaz.]

[5] Alisher H. Kh. [Layli-Majin; The Fortress of Yeskendir]. – Nur-Sultan: “Gylym” baspasy. 2019. – 544 b. [in Kaz.]

[6] Abdikuly T. Parasat maidany [The Battlefield of Wisdom]. – Almaty: Raritet. 2012. – 616 b. [in Kaz.]

[7] Akhmetova S.G. Kazakhsha – agylshynsha - oryssha Frazelogiyalyk sozdik [Kazakh-English –Russian Phraseological Dictionary]. – Almaty: Mektep. 2021. – 696 b. [in Kaz.]

[8] Zhubayeva O. “Yetis” grammatikalyk koncepti: kognitivit aspect [“Voice” – grammatical concept: A Cognitive aspect] // KazUU, Khabarshy. Filologiya seriyasy. – 2017. – № 3 (167). philart.kaznu.kz. [in Kaz.]

[9] Tuimebayev Zh. Kone turki zhazba eskertkishteri tilining morfologiyalyk zhuiesi [The Morphological system of the ancient Turkic written texts]. – Almaty. 2023. – 408 b. [in Kaz.]

[10] Momynova B.K., Satkenova Zh.B. Kazakh tilining morfologiyasy. [Morphology of the Kazakh language]. – Almaty: Kazakh universiteti. 2014. – 279 b. [in Kaz.]

[11] Francis K. and John S. Morphology (2nd edition). – Great Britain: Palgrave Macmillan. 2006. – 382 p.

[12] Fernando Z. and Seppo K. Grammatical Voice. – Cambridge: Cambridge University Press. 2019. – 292 p.

РЕАЛИЗАЦИЯ ЗНАЧЕНИЯ ЗАЛОГА ПОСРЕДСТВОМ ЯЗЫКОВЫХ ФОРМ

*Тәубеева Ә.Т.¹

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье категория залога в казахском языке рассматривается как важная морфологическая единица языковой системы. Структура и значение форм залога анализируются не только на морфологическом уровне, но и в рамках требований когнитивной и функциональной лингвистики.

Цель научного исследования – выявить особенности проявления залоговых форм казахского языка с помощью языковых средств и определить их синтаксические и концептуальные особенности.

В статье описываются грамматические механизмы, регулирующие отношения между субъектом и объектом в речевом акте. Также рассматривается как коммуникативное намерение говорящего и ролевая структура проявляются через залог.

Научная значимость исследования заключается в выходе за пределы традиционного морфологического описания категории залога, и рассмотрении ее в когнитивно-концептуальном и прагматическом аспектах.

Практическая значимость заключается в возможности применения результатов статьи в обучении языку, переводе, дискурсивном анализе и системах искусственного интеллекта.

В статье используется комплексный подход, включающий описательный, структурный и сравнительный методы. Описательный метод позволяет выявить внутреннее значение и функцию залоговых форм. Структурный подход анализирует валентные особенности залога и систему аргументов в структуре предложения. Сравнительный метод выявляет преемственность между формами древнетюркского и современного казахского языков.

В процессе исследования на основе трудов А. Байтурсынулы, О. Жубаева, А. Салкынбай, Ж. Туймебаева, а также зарубежных лингвистов Ф. Катамбы, Дж. Стоунхема, Ф. Зуниги, С. Киттилы анализируются типологические универсалии залоговых форм в казахском языке. Когнитивные механизмы отражения отношений субъекта и объекта через залог обосновываются на конкретных примерах.

Представленные в статье положения позволяют пересмотреть и уточнить представление о категории залога в казахском языкознании. Рассмотрение залога не только на морфологическом, но и на когнитивно-концептуальном и функциональном уровнях способствует выявлению типологических особенностей казахского языка.

Ключевые слова: переходной залог, когнитивный, функциональный, валентность, субъект, объект, морфология, категория

THE REALIZATION OF VOICE MEANING THROUGH LINGUISTIC FORMS

*Taubeyeva A. T.¹

*¹Kazakh National University named after al-Farabi
Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article explores the voice category in the Kazakh language as a key morphological category of the Kazakh language system. Voice forms are analyzed comprehensively from the perspective of cognitive and functional linguistics, focusing on their structural, semantic, and pragmatic functions.

The main objective of the study is to identify how voice forms are realized through linguistic units and to describe their syntactic, semantic and conceptual

characteristics. Additionally, the study aims to analyze grammatical mechanisms that reflect the relationship between subject and object within the speech act.

The relevance of the research arises from the need to interpret the category of voice not only as a morphological phenomenon but also as a cognitive structure, linguistic concept and a means of conveying communicative intention.

The article demonstrates through authentic language data how voice forms reflect the directionality of action, participant roles, and the cognitive experience of both the speaker and the listener.

The descriptive method is used to determine the internal meanings and functions of voice forms. The structural method reveals valence structures and the interaction of sentence constituents. The comparative method highlights typological continuities between Old Turkic and modern Kazakh voice forms.

The literature review considers the contributions of Kazakh scholars such as A. Baitursynuly, O. Zhubayeva, A. Salkynbay and Zh. Tuimebayev, as well as theoretical frameworks proposed by international linguists including F. Katamba, J. Stonham, F. Zuniga and S. Kittila. Their theories are aligned them with the typological features of the Kazakh language.

The theoretical significance of the study lies in the conceptualization of voice within a cognitive-pragmatic framework. Its practical value is related to the applicability of voice forms in language teaching, translation, discourse analysis, and artificial intelligence systems.

Keywords: transitive voice, cognitive, functional, valence, subject, object, morphology, category

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 27.11.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.03.2026.

Автор туралы мәлімет:

Тәубеева Әлия Тәубеқызы – PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-6399-0609>, e-mail: nur-muba19@mail.ru

Информация об авторе:

Тәубеева Әлия Тәубеқызы – докторант PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-6399-0609>, e-mail: nur-muba19@mail.ru

Information about the author:

Taubeyeva Aliya Taubekyzy – doctoral student, Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-6399-0609>, e-mail: nur-muba19@mail.ru